

КЕШЕ НЕ ІСТЕДІҢІЗ?



1. Сұқбатты тыңдаңыз.

Кеше не істедіңіз?

Кеше жұмысқа бардым.

Құжатқа қол қойдыңыз ба?

Иә, қол қойдым.

Анықтамаңызды алдыңыз ба?

Иә. Алдым.

Сенімхатты тексердіңіз бе?

Иә. Тексердім.



2. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Нотариусқа _____.

Сенімхат _____.

Құжатқа _____.

Шешім _____.

Дөңгелек үстелге _____.

Клиентпен _____.

Құжатты _____.

Сенімхатты _____.

Жұмысқа _____.

Төлемақы _____.

Түбіртек _____.





3. Үлгі бойынша етістіктерді өткен шақта жазыңыз.

-ты, -ті; -ды, -ді

Мен { дөңгелек үстелге қатыс _____
клиентпен сөйлес _____
құжатты тексер _____
сенімхатты оқы _____
жұмысқа бар _____
төлемақы төле _____

+м

Мен { нотариусқа кел _____
сенімхат бер _____
құжатқа қол қой _____
шешім шығар _____
құрылтайшымен сөйлес _____
жиналысқа қатыс _____

+м



4. Жұптастырыңыз.

Құжатқа

Жиналысқа

Құжаттарды

Төлемақы

Шешім

Нотариуспен

кездестім.

тексердім.

шығардым.

бардым.

төледім.

қол қойдым.

 5. Бос орынды толықтырыңыз.

Мен кеше құжатқа қол _____ . Мен кеше шешім _____ .
 Мен таңертең жиналысқа _____ . Таңертең төлемақы _____ .
 Мен құжаттарды _____ . Мен таңертең жұмысқа _____ .
 Мен түсте нотариусқа _____ . Мен түсте дөңгелек үстелге _____ .

 6. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

II жақ 
 Сен -ң
 Сіз -ңыз, -ңіз

Сен құжатқа қол қойдың ба?
 Сіз шешім шығар _____ ба?
 Сен құжатты тексер _____ бе?
 Сен жиналысқа қатыс _____ бе?
 Сен нотариусқа кел _____ бе?
 Төлемақы төле _____ бе?
 Құрылтайшымен сөйлес _____ бе?
 Мөр қой _____ ба?

 7. Үлгінің көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

Етістік + (-ма, -ме; -ба, -бе; -па, -пе) + (өткен шақ)
 + тәуелдік жалғауы
 Мысалы: бар+ма+ды+м 

Сіз құжатты бердіңіз бе?
 Иә, мен құжаттарды бердім.
 Жоқ, мен құжаттарды бермедім.
 Сен қол қойдың ба?
 Сен жұмысқа келдің бе?
 Сіз төлемақы төледіңіз бе?
 Сіз құрылтайшымен сөйлестіңіз бе?
 Кеше жиналысқа қатыстыңыз ба?
 Құжатты тексердіңіз бе?
 Шешім шығардыңыз ба?
 Тұтынушыны қабылдадыңыз ба?

**8. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.**

Мен кеше күні бойы жұмыста _____. Таңертең сенімхат
 _____. Жиналысқа _____. Нотариаттық іс-әрекеттер
 _____. Телефонмен _____. Кеңес _____.
 Анықтаманы _____. Түстен кейін семинарға _____ және шешім
 _____. Мөр _____.

**9. Тест сұрақтарға жауап беріңіз.****1. Мен шешім _____.**

- А. шығарды
- Ә. шығардың
- Б. шығардыңыз
- В. шығардым

2. Ол құжатты _____.

- А. тексерді
- Ә. тексердің
- Б. тексердіңіз
- В. тексердім

3. _____ құжатқа қол қойдыңыз ба?

- А. Ол
- Ә. Мен
- Б. Сен
- В. Сіз

1. Сіз мөр қойды _____ ба?

- А. -ым
- Ә. -іңіз
- Б. -ің
- В. -ңыз

2. Мен төлемақы төледі _____.

- А. -ым
- Ә. -іңіз
- Б. -м
- В. -ңыз

3. Мен жұмысқа _____.

- А. барды
- Ә. бардым
- Б. бардыңыз
- В. бардың